

«VICI» СМ ұсынған «VICI, Grill and Chill» акциясын өткізу ережелері мен қатысу шарттары

Осы «VICI, Grill and Chill» жарнамалық акциясы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай осы Ережелердің шарттарына сәйкес өткізіледі.

1. Жалпы ережелер

- 1.1 Акция ұйымдастырушысы – Акция Серіктесінің тапсырысы бойынша «SAT Integration» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (мекенжайы: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қалдаяқов к-сі, 30-үй).
- 1.2 Акция серіктесі – «Вичунай-Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (мекенжайы: 050008, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жангелдин к-сі 31, 101-кеңсе).
- 1.3 Акцияның техникалық серіктесі – «RGL Service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (мекенжайы: 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Қалдаяқов к-сі, 30-үй).
- 1.4 Акцияның атауы: «VICI, Grill and Chill».
- 1.5 Чектерді жүктеу кезеңі – Ережелердің 2.3-тармағында көрсетілген кезең.
- 1.6 Акцияның өткізілу кезеңі – Ережелердің 2.2-тармағында көрсетілген кезең.
- 1.7 Ережелер – «VICI, Grill and Chill» жарнамалық акциясының осы ережелері.
- 1.8 Жұлделер (немесе Акция Жұлделері) – Ережелерде көрсетілген апта сайынғы жұлделер және/немесе бас жұлде.
- 1.9 Сайт – Интернет желісіндегі www.grillandchill.kz веб-сайты.
- 1.10 ViciPromoBot чат-боты – Telegram мессенджеріндегі @ViciPromoBot чат-боты.
- 1.11 Чек – POS терминалы арқылы тауарға төлем жасаған кезде берілген POS терминалының тауарлық чегі.

2. Акцияның өткізілу кезеңі мен орны:

- 2.1 Акция Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі.
- 2.2 Акцияның өткізілу кезеңі - 2021 жылдың «12» шілдесі 00 сағат 00 минуттан 2021 жылдың «31» тамызы 12 сағат 00 минутқа дейін.
- 2.3 ViciPromoBot Чат-боты арқылы Чектерді жүктеу кезеңі, тиісінше, апта сайынғы және бас Жұлделердің ұтыс ойынына қатысу мүмкіндігі Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша 2021 жылдың «12» шілдесі 00 сағат 00 минуттан бастап, Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша 2021 жылдың «31» тамызы 12 сағат 00 минутқа дейінгі аралықта.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: «VICI» сауда маркасының Акция өткізіліп жатқан өнімдерінің қаптамаларында көрсетілген мерзімдерге қарамастан, Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша 2021 жылдың «12» шілдесі 00 сағат 00 минуттан бастап, Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша 2021 жылдың «31» тамызы 12 сағат 00 минутқа дейінгі аралықта (бұдан әрі – Акцияға қатысуға Чектерді жүктеу кезеңі) Акция қатысушысы атануға болады.

3. Өткізуді ынталандыру мақсатында Акция өткізілетін тауарлардың атаулары

- 3.1 Акция төмендегі қаптама түрлерінде «Grill and Chill» деген жазуы бар арнайы таңбасы бар «Vici» СМ өнімдерін (бұдан әрі – Акциялық өнім) өткізуді ынталандыру мақсатында жүргізіледі:

мұз. ' VICI' ПРИОРИТИ Сауыттағы корольдік асшаяндар п/м 30/40 1000 г.
мұз. ' VICI' Сауыттағы корольдік асшаяндар п/м 40/50 500 г.
мұз. ' VICI' Сауыттағы корольдік асшаяндар п/м 40/50 4000 г.
мұз. ' VICI' Сауыттағы корольдік асшаяндар п/м 50/70 500 г.

мүз. ' VICI' Сауыттағы корольдік асаяндар п/м 50/70 4000 г.
мүз. ' VICI' Сауыттағы п/м корольдік асаяндар б/б 40/60 4000 г.
мүз. ' VICI' ПРИОРИТИ Корольдік асаяндар тазартылған құйрығы бар п/м 41/50 1000 г.
мүз. ' VICI' Корольдік асаяндар тазартылған құйрығы бар п/м 41/50 4000 г.
мүз. ' VICI' ПРИОРИТИ Корольдік асаяндар тазартылған құйрығы бар п/м 31/40 1000 г.
мүз. ' VICI' ПРИОРИТИ Корольдік асаяндар б/ж, сауыттағы п/м 41/50 1000 г.
мүз. ' VICI' ПРИОРИТИ Корольдік асаяндар б/ж, сауыттағы п/м 31/40 1000 г.
мүз. ' VICI' ПРИОРИТИ Ақ аяқты асаяндар ж/м сауыттағы бассыз 16/20 1000 г.
мүз. ' VICI' ПРИОРИТИ Ақ аяқты асаяндар ж/м сауыттағы бассыз 16/20 4000 г.
мүз. ' VICI' Аргентиналық қызыл асаяндар сауыттағы б/ж ж/м 41/50 4000 г.
мүз. ' VICI' LUXURY Аргентиналық қызыл асаяндар сауыттағы б/ж ж/м 41/50 «Лангостино» 750 г.
мүз. ' VICI' Бөлшектелмеген солтүстік асаяндары (сауыттағы басы бар) 70/90 «LUX» 5000 г.
мүз. ' VICI' Бөлшектелмеген солтүстік асаяндары (сауыттағы басы бар) 70/90 «LUX» 750 г.
мүз. ' VICI' Бөлшектелмеген солтүстік асаяндары (сауыттағы басы бар) 90/120 «SUPER» 5000 г.
мүз. ' VICI' Бөлшектелмеген солтүстік асаяндары (сауыттағы басы бар) 90/120 «SUPER» 750 г.
мүз. ' VICI' Шикідей мұздатылған теңіз өнімдерінен жасалған ассорти 400 г.
мүз. ' VICI' Шикідей мұздатылған теңіз өнімдерінен жасалған ассорти 800 г.
мүз. ' VICI' Шикідей мұздатылған теңіз өнімдерінен жасалған ассорти 4000 г.
мүз. ' VICI' П/м суримиден пішінделген өнімдер қосылған ж/м теңіз өнімдерінен жасалған ассорти (А) 450 г.
мүз. ' VICI' П/м суримиден пішінделген өнімдер қосылған ж/м теңіз өнімдерінен жасалған ассорти (А) 4000 г.
мүз. ' VICI' Теңіз өнімдерінен жасалған коктейль п/м және ж/м «ПРЕМИУМ» 500 г.
мүз. ' VICI' ПРИОРИТИ Жасыл мидиялар 1/2 бақалшақ шикідей мұздатылған 1000 г.
мүз. ' VICI' Пісіріліп мұздатылған мидиялар 400 г.
мүз. ' VICI' Пісіріліп мұздатылған мидиялар 5000 г.
мүз. ' VICI' ПРИОРИТИ Сарымсақ соусындағы пісіріліп мұздатылған бақалшақтағы мидиялар 500 г.
мүз. ' VICI' ПРИОРИТИ Өз сөліндегі пісіріліп мұздатылған бақалшақтағы мидиялар 500 г.
мүз. ' VICI' ПРИОРИТИ Мидиялар 1/2 бақалшақ п/м 1000 г.
мүз. ' VICI' Мидиялар 1/2 бақалшақ п/м 5000 г.
мүз. ' VICI' Пісіріліп мұздатылған мидиялар (еті) NZ 500 г.
мүз. ' VICI' Жаңа Зеландиялық мидиялар еті «ПРЕМИУМ» 500 г.
мүз. ' VICI' Шикідей мұздатылған кальмар сақиналары 450 г.
мүз. ' VICI' Шикідей мұздатылған терісіз кальмар ұшасы «Дальневосточный» 500 г.
мүз. ' VICI' Шикідей мұздатылған ақтармаланған басы мен қармауыштары бар кішкентай сегізаяқтылар 60/80 450 г.
мүз. ' VICI' Терісі бар атлантикалық скумбрия сүбесі 400 г.
мүз. ' VICI' Атлантикалық нәлім сүбесінің кесегі «Лойн» 400 г.
мүз. ' VICI' Терісі бар майлы балық сүбесі 400 г.
мүз. ' VICI' Мұздатылған терісіз тунец сүбесінің кесектері 400 г.

4. Сақтау кезінде жеке тұлға акция қатысушысы болатын шарттар

- 4.1 Акция қатысушысы – осы Ережелердің талаптарына сай келетін және Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша 2021 жылдың «12» шілдесі 00 сағат 00 минуттан бастап, Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша 2021 жылдың «31» тамызы 12 сағат 00 минутқа дейінгі аралықта Акциялық өнімдердің біреуін сатып алған, сондай-ақ жоғарыда аталған кезеңде Акцияға қатысу үшін қажетті барлық талаптарды орындаған тұлға.
- 4.2 Акцияға қатысуға Акция өткізілетін сәтте 18 (он сегіз) жасқа толған Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматтары (бұдан әрі – Акция қатысушысы) жіберіледі.
- 4.3 Акцияға қатысуға келесілер жіберілмейді: Акцияны Ұйымдастырушысының және Акция Операторының жұмыскерлері, олардың отбасы мүшелері; Акция Ұйымдастырушысының және Оператордың мүдделерін қорғайтын тұлғалар, Акция Ұйымдастырушысымен және Акция Операторларымен белгіленген тәртіпте үлестес деп танылған тұлғалар, Акция Ұйымдастырушысымен және Акция Операторымен белгіленген азаматтық-құқықтық және өзге де қарым-қатынастары

бар және Акцияны ұйымдастыруға және/немесе өткізуге қатысы бар үшінші тұлғалардың жұмыскерлері мен өкілдері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері, Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ тұлғалар және тұруға ықтиярхаты жоқ басқа мемлекет азаматтары.

4.4 Акцияға қатысу арқылы Қатысушы осы Ережемен танысқанын және толық келісетінін растайды және өзіне оның барлық шарттары мен талаптарын сақтау міндеттемесін алады.

4.5 Акцияға қатысу фактісі Акция Қатысушылары олардың аттарын, әкесінің атын, тегін, фотосуреттерін, бейне-, аудио- және олар туралы өзге де материалдарды Акция Ұйымдастырушысы Акцияны өткізумен байланысты кез келген жарнамалық және (немесе) ақпараттық материалдарда Акция қатысушыларына қандай да бір сыйақы төлемей пайдалана алатындығымен келісетінін білдіреді. Акция жеңімпаздары қандай да бір сыйақы төлемінсіз, бұқаралық ақпарат құралдарына сұхбат беруге және осы Акцияны өткізуге байланысты дайындалған жарнамалық материалдарға түсуге өз келісімін береді. Мұндай жарнамалық материалдарға барлық құқықтар Акция Ұйымдастырушысына тиесілі.

4.6 Акцияға қатысу үшін Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша 2021 жылдың «12» шілдесі 00 сағат 00 минуттан бастап, Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша 2021 жылдың «31» тамызы 12 сағат 00 минутқа дейінгі мерзім ішінде осы Ережелердің 3.1-тармағында көрсетілген тізбеден Акцияның арнайы таңбалануы бар қаптамалардағы Акциялық өнімнің кемінде 1 (бір) тұтыну бірлігін сатып алу, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген кезең ішінде чекті Telegram ViciPromoBot Чат-ботында тіркеу қажет:

4.6.1 Telegram желісіндегі ViciPromoBot ботында өзінің келесі дербес деректерін (бұдан әрі – Тіркеу деректері) көрсете отырып, сауалнаманы толтыру арқылы Акцияның өткізілу кезеңінде Акция Қатысушысы ретінде тіркелу:

- ұялы телефон нөмірі (телефон нөмірі белсенді болуы және ҚР ұялы операторында тіркеулі болуы керек;
- атын;
- қаланы;
- Акция шарттарымен келіскендігін.

4.6.2 Толтырылған деректер өзгертіле алмайды, сауалнамада дәйекті әрі дұрыс ақпарат берілуі тиіс. Егер Қатысушы тіркелу кезінде дұрыс емес ақпарат, атап айтқанда аты-жөнін, ұялы телефонын, қаласын дұрыс емес көрсетсе, Акция қатысушысы сыйлық иегері атана алмайды.

4.6.3 Авторландырылғаннан кейін Қатысушы «Чекті тіркеуді» таңдайды, хабарлама өрісіне мыналарды енгізу қажет:

- акциялық өнімнің сатып алынғанын растайтын, чектің берілген күні
- чектің суреті

4.6.4 Тұтынушы чектің фотосуреттерін тиісті сілтемені басу арқылы жүктей алады: «чектің фотосын жүктеу». Бұл сілтемені басу Қатысушы терминалының камерасын іске қосады және қажетті фотоны бірден жасап, оны тіркеу нысанына жүктеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, фотоны «Галереядан» файлды таңдау арқылы жүктеуге болады.

4.6.5 Чекті тіркеу үшін Чектің фотосуретін жүктеп, ViciPromoBot Чат-ботынан келетін растау хабарламасын күту керек. Жүктелген Чектердің барлық түпнұсқалары Акция аяқталғанға дейін, жеңімпаздар анықталғанға дейін, сондай-ақ Қатысушы жеңімпаз деп танылған жағдайда, Жүлде тапсырылған сәтке дейін сақталу керек, себебі Ұйымдастырушы ұтыс болған жағдайда оларды талап етуі мүмкін.

4.6.6 ViciPromoBot Чат-боты арқылы Акцияның бір Қатысушысымен жасалған Чектерді тіркеу саны шектелмейді.

4.7 Чектерді тіркеу кезіндегі шектеулер:

4.7.1 Әрбір Қатысушы Чектерді жүктеу кезеңінде олардың шектеусіз санын тіркей алады. Бір Қатысушы жалған Чек (түпнұсқалығы Ұйымдастырушының күмән тудыратын Чек) тіркегеннен кейін Акция Ұйымдастырушысы Қатысушыдан Чектердің түпнұсқаларын, сондай-ақ Қатысушының паспорттық деректерін (оның ішінде жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін) сұратуға құқылы және сұратылып отырған Чектердің түпнұсқалары, сондай-ақ паспорттық деректер ұсынылған сәтке дейін Қатысушыны Акцияға одан әрі қатысудан шеттетуге құқылы.

4.7.2 Егер Қатысушы Акцияның өткізілу кезеңі ішінде қатарынан 2 (екі) рет жалған Чек тіркесе, Ұйымдастырушы Қатысушыны Акцияға қатыстырмауға (шеттетуге) құқылы.

4.7.3 Акция Ұйымдастырушысы Қатысушының тыйым салынған заттарды пайдаланғанын және/немесе Акция қатысушысының осы Ережелерде көзделген шарттарға сай келмейтін іс-әрекеттерді жүзеге асырғанын анықтаған жағдайда, Ұйымдастырушы көрсетілген бұзушылықтар анықталған сәттен бастап кез келген уақытта, осы тұлға бұған дейін тіркеген барлық Чектердің (әрбір Чектің шығу тарихын талдамастан) күшін жоюға, сондай-ақ бұл тұлғаны Акцияға одан әрі қатысудан шеттету мүмкіндігімен Қатысушылар немесе жеңімпаздар құрамынан шығаруға құқылы.

4.7.4 Ұйымдастырушы Жүлде жеңімпаздарын анықтау кезінде, Ұйымдастырушы акцияға қатысудан шеттету туралы шешім қабылдаған Қатысушылардың Чектерін есепке алмайды.

4.7.5 Акция Ұйымдастырушысы төмендегі іс-әрекеттердің кез келгенін жүзеге асырған тұлғаны кез келген сәтте бір жақты тәртіппен және себептерін түсіндірместен Қатысушылар немесе жеңімпаздар қатарынан шығаруға құқылы:

- Тіркелген Чектердің түпнұсқаларын ұсынбаған;
- Жүлделерді тапсыру үшін, осы Ережеде белгіленген құжаттарды, ақпаратты, мәліметтерді ұсынбаған;
- Акцияға қатысу үшін жалған Чектерді бірнеше рет тіркеді деген күдіктілерді;
- Жүлдені негізсіз алу мақсатымен алаяқтық іс-әрекеттер орындау мәселесімен күдікті тұлғалар.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Акцияға тек бірегей параметрлері – фотосы және чек күні бар бірінші чек қана қатыстырылады, телнұсқасы анықталған жағдайда чекті тіркелмейді.

5. Акцияға қатысу үшін Чекке қойылатын талаптар:

5.1 Чектердің жүктелетін фотосуреттеріне қойылатын негізгі талаптар:

5.1.1 JPG, PNG пішімі;

5.1.2 ажыратымдылығы кем дегенде 200 (екі жүз) dpi;

5.1.3 физикалық мөлшері 30 (отыз) мегабайттан аспайды;

5.1.4 көшірмелер техникалық тұрғыдан сапалы және оқуға жарамды болуы керек;

5.1.5 Фотосурет (бедер, сурет, компьютерлік графика, фотомонтаж) немесе Чектердің сканерленген көшірмелері болып табылмайтын суреттер рұқсат етілмейді.

5.2 Ұйымдастырушы Акцияға қатысу үшін келесі Чектерді есепке алмайды:

5.2.1 осы Ережелердің 4-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін;

5.2.2 Чектерді жүктеу Кезеңінен тыс салынған;

5.2.3 Чектерді жүктеу Кезеңінен тыс тіркелген;

5.2.4 Vici акциялық өнімін сатып алу туралы ақпарат көрсетілмеген.

5.2.5 Чектердің, Vici акциялық өнімін сатып алуды растайтын өзге де құжаттардың түпнұсқалығы., Акция Ұйымдастырушысының күмәнін тудыратын (жалған чектер, чектердің көшірмелері және т.б.);

6. Модерация және Чектерді қосымша тексеру:

- 6.1 Қатысушы Ережелердің 8-тармағында көрсетілген кез келген деңгейдегі Жүлдені ұтып алған жағдайда, Ұйымдастырушы жеңімпаз тіркеген Чектерді тексеруді жүзеге асырады.
- 6.2 Акция Ұйымдастырушысы Акция Қатысушылары жүктеген Чектердің осы Ережелерге сәйкестігіне тексеру жүргізеді.
- 6.3 Чек модерациясы Операцияны жүргізу, сондай-ақ Vici акциялық өнімін міндетті түрде сатып алу мерзімдерінің сәйкестігін қамтиды.
- 6.4 Ұйымдастырушы жеңімпаздан физикалық немесе электрондық Чектің түпнұсқасын сұрауға құқылы.
- 6.5 Ережелердің 8-тармағында көрсетілген жүлделердің, сондай-ақ Бас жүлденің Жеңімпаздарын модерациялау үшін Ұйымдастырушы өзіне қажетті құжаттарды, атап айтқанда жеке куәліктің сканерленген көшірмесін, тұрғылықты мекенжайды және физикалық немесе электрондық Чектің түпнұсқасын мынадай тәртіппен сұратады:
 - 6.5.1 Ұйымдастырушы +7 771 553 2719 нөмірінен алғаш қоңырау соғады, ол модерация мен қосымша тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды жіберуді сұрайды.
 - 6.5.2 Ұйымдастырушы қажетті құжаттардың фотосуреттерін немесе сканерленген көшірмелерін мына электрондық мекенжайға жіберуді сұрайды: m.ganiev@sati.kz
- 6.6 Модерация процессі аяқталғаннан кейін Ұйымдастырушы сайтқа жеңімпаздардың тізімін жүктейді.

7. Жүлделерді үлестіру тәртібі:

- 7.1 Жеңімпаздарды анықтау және Акция Жүлделерін үлестіру тәртібі:
 - 7.1.1 Акция Қатысушысы болу үшін және Ережелердің 8-тармағында көрсетілген Жүлделердің біреуін алу мүмкіндігіне ие болу үшін, Қатысушы Чектерді жүктеу Кезеңінде оларды ViciPromoBot Чат-ботында, www.grillandchill.kz сайтында, сондай-ақ барлық байланыс арналарында орналастырылған және Ережелердегі нұсқаулықтарға сәйкес жүктеуі тиіс.
 - 7.1.2 Барлық сәтті жүктелген Чектер апта сайынғы Жүлделердің ұтыс ойынына және Бас жүлденің ұтыс ойынына қатысады.
 - 7.1.3 Жеңімпазды анықтау RGL Service БЖ-да random.org кездейсоқ сандарды генерациялау сервисінің базасында жүргізіледі. Жеңімпаздарды анықтау кезінде Акция Ұйымдастырушысы Бас жүлде үшін, сондай-ақ бірінші және екінші деңгейдегі Жүлделер үшін негізгі және резервтік Жеңімпаздарды таңдайды.
 - 7.1.4 RGL Service БЖ көмегімен жеңімпаздарды кездейсоқ анықтағаннан кейін және жеңімпаз осы Ережелердің талаптары мен шарттарына сәйкестігіне тексеруден (модерациядан) сәтті өткен соң:
 - 7.1.4.1 Ұйымдастырушы жүлделерді беру үшін екінші және бірінші деңгейдегі Жүлделердің жеңімпаздарымен байланысады.
 - 7.1.4.2 екінші және бірінші деңгейдегі жүлделерді беру үшін Ұйымдастырушы 7.5-тармақта көрсетілген өзіне қажетті деректерді сұратады.
 - 7.1.5 1 (бір) Акция Қатысушысы аптасына 1 (бір) рет 1 (бір) Жүлде ғана ұтып ала алады. Бұл ретте, ол жүктеген басқа, Ережелерге сәйкес келетін Чектер апта сайынғы келесі ұтыс ойындарына қатыса алады.
- 7.2 Vici акциялық өнімінің сатып алынуы туралы ақпарат көрсетілген, Акцияның өткізілу кезеңіне және Чектерді ViciPromoBot Чат-боты арқылы жүктеу Кезеңіне сәйкес келетін Чектер (қағаз нысанда, сондай-ақ Vici акциялық өнімінің сатып алынуын растайтын электрондық Чектер) тіркеуге қабылданады.

8. Акцияның Жүлделер қоры:

8.1 Апта сайынғы Жүлделер.

- 8.1.1 Апта сайынғы жүлделердің ұтыс ойынына осы Ережелердің талаптарына сәйкес келетін Акция Қатысушыларының барлық Чектері қатысады.
- 8.1.2 Өткен аптадағы ұтыс ойыны Акцияның өткізілу кезеңіне сәйкес әр дүйсенбі сайын RGL Service сервисі арқылы өткізілетін болады.
- 8.1.3 Жеңімпазды анықтау осы Ережелерде көрсетілген тәсілмен, Чектерге тағайындалған реттік нөмірлерді кездейсоқ анықтау арқылы жүргізіледі.
- 8.1.4 Жеңімпаздарды анықтау кезінде Акция Ұйымдастырушысы әрбір апталық Жүлдеге негізгі және резервтік жеңімпазды тандайды.
- 8.1.5 Апта сайынғы Жүлделерге мыналар кіреді:
- Алюминий рамалы FROST изотермиялық жиналмалы сөмке-тоңазытқышы – 21 дана (12.07.2021 және 31.08.2021 аралығында апта сайын 3 данадан)
 - Желпуіші бар Swissline BG-2 торы – 21 дана (12.07.2021 және 31.08.2021 аралығында апта сайын 3 данадан)
 - Азық-түлік себеті – 7 дана (12.07.2021 және 31.08.2021 аралығында апта сайын 1 данадан)
- 8.1.6 Апта сайынғы Жүлделердің ұтыс ойындарын өткізу және Жеңімпаздарды жариялау күндері:

Ұтыс ойыны	Ұйымдастырушы тексергеннен кейін жеңімпаздарды жариялау күні
19.07.2021	22.07.2021 ж.
26.07.2021	29.07.2021 ж.
02.08.2021	05.08.2021 ж.
09.08.2021	12.08.2021 ж.
16.08.2021	19.08.2021 ж.
23.08.2021	26.08.2021 ж.
31.08.2021	03.09.2021 ж.

- 8.1.7 Апта сайынғы Жүлделердің сыртқы көрінісі сайттағы суреттерінен бөлек мүмкін.
- 8.1.8 Ұйымдастырушы сайттағы Жүлделер санын өз қалауы бойынша өзгертуге, сондай-ақ осы Ережелердің шарттарына өзгерістер енгізу арқылы Жүлделердің атауын өзгертуге құқылы.
- 8.1.9 Жүлделер ақшалай баламада берілмейді/ауыстырылмайды.

8.2 Бас Жүлде:

- 8.2.1 Бас Жүлденің ұтыс ойынына Акцияның өткізілу кезеңінде тіркелген және осы Акция Ережелерінің талаптарына сәйкес келетін барлық Чектер қатысады.
- 8.2.2 Ұтыс ойыны RGL Service сервисі арқылы өткізілетін Ұйымдастырушы мен Акция Серіктесінің өкілдерінің қатысуымен өтетін болады.
- 8.2.3 Жеңімпазды анықтау Чектерге тағайындалған реттік нөмірлерді кездейсоқ анықтау арқылы жүргізіледі.
- 8.2.4 Бас Жүлденің жеңімпаздарын анықтау кезінде Акция Ұйымдастырушысы негізгі және резервтік жеңімпаздарды тандайды.
- 8.2.5 Егер негізгі жеңімпаз телефон қоңырауына 1 (бір) реттен жауап бермеген жағдайда, онда қоңырау 60 (алпыс) минут ішінде тағы 2 (екі) рет жүзеге асырылады.

- 8.2.6 Егер негізгі жеңімпаз 2 (екінші) және 3 (үшінші) рет жауап бермеген жағдайда, онда ол Жүлдені алу құқығынан айырылады және резервтік жеңімпаз автоматты түрде жеңімпаз атанады.
- 8.2.7 Бас Жүлдеге келесілер кіреді:
- Үлкен керамикалық дала грилі 135 x 58 x 120 см, сұр Berghoff – 1 дана.
- 8.2.8 Бас Жүлденің ұтыс ойыны өтетін күн: 31.08.2021 ж.
- 8.2.9 Бас Жүлденің сырты көрінісі сайттағы суреттерінен бөлек болуы мүмкін.
- 8.2.10 Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша Жүлделер санын өзгертуге, сондай-ақ осы Ережелердің шарттарына өзгерістер енгізу арқылы Жүлделердің атауын өзгертуге құқылы.
- 8.2.11 Жүлделер ақшалай баламада берілмейді/ауыстырылмайды.

9. Акция жүлделерін алу шарттары

- 9.1 Ережелердің 8-тармағында көрсетілген Жүлделерді алу шарттары, тәртібі және мерзімі:
- 9.1.1 Жеңімпаздар өз бетінше және өз есебінен жүлделерді алып кету орнына жетуі тиіс.
- 9.1.2 Жүлделер Алматы қаласында Жеңімпаздар жарияланған және оларды Жеңімпаздың қаласына жіберген күннен бастап, осындай Қатысушының орналасқан жеріне байланысты 10 (он) – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде беріледі.
- 9.1.3 Жеңімпаз Жүлдені алған сәтте қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюға, сондай-ақ өзінің жеке куәлігін көрсетуге міндеттенеді. Жеңімпаз бұл әрекеттерді орындаудан бас тартқан жағдайда, Ұйымдастырушының өкілі бірінші және екінші деңгейдегі Жүлдені тапсырудан бас тартуға құқылы. Ұйымдастырушының талабы бойынша Жеңімпаз Ұйымдастырушы көрсеткен тәсілмен Жүлдені қабылдау-тапсыру актісінің скан-көшірмесін не фотосуретін жіберуге міндеттенеді.
- 9.1.4 Жүлделер қоры Қатысушының тек жеке пайдалануы үшін ғана қолданыла алады, коммерциялық пайда алу мақсатында сатыла немесе өзгеше түрде пайдаланыла алмайды.
- 9.1.5 Ережелердің 8-тармағында көзделген апта сайынғы Жүлделерді, сондай-ақ Бас Жүлдені алу үшін, Жеңімпаз Акциядағы жеңісі туралы хабарлама алған сәттен бастап 2 (екі) күн ішінде Ұйымдастырушыға электрондық пошта арқылы мынадай құжаттарды ұсынуы керек:
- міндетті түрде ЖСН көрсете отырып, (аты мен тегі тіркелу кезінде ViciPromoBot Чат-ботындағы жеке кабинетте көрсетілген деректерге сәйкес келуі тиіс) жеке куәліктің немесе Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаттың (екі жағынан) сканерден өткен көшірмесін;
 - Ұтыс Чегінің түпнұсқасын;
- 9.1.6 Апта сайынғы Жүлделер мен Бас Жүлденің сақтығына жауапкершілік және олардың кездейсоқ бүліну немесе жойылу тәуекелі осындай Жүлдені тапсыру сәтінде жеңімпазға өтеді. Мұндай Жүлделердің тұтастығы мен функционалды жарамдылығын Жеңімпаздар тікелей оларды алу кезінде тексеруі керек.

10. Акцияның өзге шарттары:

- 10.1 Акция туралы толық ақпаратпен Қатысушылар Акцияның өткізілу кезеңінде сайтта таныса алады.
- 10.2 Ұйымдастырушы Акцияның өткізілу кезеңі ішінде осы Ережелерге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Бұл ретте осы Ережелердің кез келген өзгерістері туралы ақпарат сайтқа орналастырылады.
- 10.3 Ережелердің 4-тармағында көрсетілген әрекеттерді орындау арқылы Акция Қатысушылары осы Ережелерді толықтай қабылдайды және олармен келіседі, бұл

осы Ережелердің шарттарын растау және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын түсіне осы Ережелердің шарттарымен мәміле жасасу болып табылады.

10.4 Ережелердің 4-тармағында көрсетілген әрекеттерді орындау арқылы Қатысушы осы Ережелермен және ViciPromoBot Чат-ботында көрсетілген деректерді өңдеу тәртібімен, атап айтқанда, бірақ төмендегілермен шектелмей, толық танысқанын және келісетінін растайды және:

10.4.1 ViciPromoBot Чат-ботында, Сайтта көрсетілген деректерді өңдеу тәртібіне сәйкес дербес деректерді өңдеуге;

10.4.2 Ұйымдастырушыдан немесе уәкілетті үшінші тұлғалардан осы Акцияны өткізумен байланысты ақпараттық СМС-жіберілімдерді алуға;

10.4.3 Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен, соның ішінде қосымша сыйақы төлемей, коммерциялық мақсаттарда «Бас Жүлде» және «Апта сайынғы Жүлделер» жеңімпаздарының түсірілімдерінен алынған фото- және бейнематериалдарды өңдеуге, одан әрі пайдалануға және таратуға өз келісімін растайды.